

Атырау қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 598 "2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Атырау қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 19 қарашадағы № 1823 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 27 қарашада № 2646 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21 бабын басшылыққа алып, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Атырау қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 598 "2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4-1-161 болып тіркеліп, 2012 жылдың 12 мамырында облыстық "Атырау" газетінің № 53 (19437) санында жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін :

жоғарыда көрсетілген қаулының 2 тармағымен бекітілген әскери қызметке шақыруды жүргізу жөніндегі қалалық шақыру комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) құрамына (қосымшаға сәйкес) :

қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарманың бастығы Сейткерим Сапарбайұлы А р а п б а е в ;

қалалық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары Әлібек Үмбетұлы Қайыров е н г і з і л с і н .

К о м и с с и я құрамынан :

Диас Сирдашевич Хевизов және Жанболат Әділгерейұлы Қайралапов шығарылсын, ә р і қ а р а й м ә т і н б о й ы н ш а .

2. Қала әкімі аппараты осы қаулының Атырау қалалық әкімдігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.С. Қарабаеваға жүктелсін .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп , алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Айдарбеков

Қ а л а л ы қ ә к і м д і к т і н

2012 жылғы 19 қарашадағы № 1823 қаулысымен бекітілген қосымша

Әскери қызметке шақыруды жүргізу жөніндегі қалалық шақыру комиссиясының құрамы

Айжан Сарсенқызы - қала әкімінің орынбасары, комиссия төрайымы;
Қарабаева

Арапбаев Сейткерим - қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарманың
Сапарбайұлы бастығы, комиссия төрайымының орынбасары;

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

Әлібек Үмбетұлы - қалалық ішкі істер басқармасы бастығының
Қайыров орынбасары (келісім бойынша);

Құлғалиева Гүлнәр - № 2 қалалық емхананың бас дәрігерінің
Хасанғалиқызы орынбасары, қалалық дәрігерлік комиссияның
төрайымы (келісім бойынша);

Қалжан Төлеуқызы Дүйсалиева - медбике, комиссия хатшысы.